



## «Шертер» салған әндер - ай !

**Дарынды жастардың ба-  
сын қосып, биік өнерімен  
дүйім елдің қошеметіне  
бөленген «Шертер» фоль-  
клорлық этнографиялық  
ансамблінің - 45 жылдық  
мерейтойы өтті.**

Салтанатты шараның құр-  
метіне қалалық Мәдениет сарайы-  
ның ұйымдастыруымен Қазақ  
жасөспірімдер театры алаңында  
200 -ден астам домбырашылар  
флешмобы өтті. Шараға қала мен  
ауылдық жерлерден домбырада  
ойнай алатын өнерпаздар атса-  
лысып, бір мезетте «Балбырауын»  
және «Адай» күйлерін орындады.

Мерекелік кеш театр ғимара-  
тында Арқалық қалалық Н. Құл-  
жанова атындағы ТТК -нің ұй-  
ымдастыруымен - «Шертер»  
фольклорлық этнографиялық  
ансамблінің - 45 жылдығына  
арналған «Шертер» салған ән-  
дер - ай! » шарасымен жалғасты.  
Мерекелік кешке Семей, Алматы,  
Көкшетау, Нұр-Сұлтан және Қо-  
станай қалаларынан ансамбльдің  
құрамында болған өнерпаз кісілер  
арнайы келген. Жыылғандарды  
қала әкімінің орынбасары Тү-  
бекбай Ғалсадықұлы құттықтап,  
«Шертердің» мәдениетімізге  
қосқан зор үлесін айтып, ардагер  
өнерпаздарға зор алғысын білдіріп,

марапаттарын табыстады.

Кезінде өнерімен көрерменін  
тәнті етіп, сахнаның сәнін кел-  
тірген өрімдей жас ұл - қыздар,  
бүгінге дейін өнерден ажырамай,  
мәдениетіміздің дамуына өлше-  
усіз үлес қосқан аға - апаларымыз  
қандай құрметке де лайық. Осы  
ретте ансамбльдің белді мүшелері  
: МАҚАНОВ Қайыржан Байпақұлы  
, МУҚАТОВА Отарқұл Оразбай-  
қызы - мәдениет саласына сіңір-  
ген еңбегі үшін Облыс әкімінің  
грамотасымен және Арқалық  
қаласы әкімінің атынан «Шер-  
тер» ансамблінің - 45 жылдық  
мерейтойлық медалімен мара-  
патталса, Ізім Тойған ОСПАНОВА,  
НАСТАЕВА Айтжан Настайқызы,  
Базарқұл КӨМЕКБАЕВА - Қоста-  
най облысы әкімдігі, Мәдениет  
басқармасы басшысының ма-  
дақтамасымен және «Шертер»  
ансамблінің - 45жылдық мерей-  
тойлық медалімен марапатталды.  
Сол секілді - Мапруза Кадешқы-  
зына, Венера Нарисқызына, Тұр-  
сынбек ӘЛМАҒАНБЕТОВКЕ, Әбжан  
Сәрсенбайұлына, Мейрамғали  
ЖУМАБАЕВҚА, Жақсыгүл БӨЛ-  
ТІРКОВАҒА, Дариха Ергалиқы-  
зына, Бораш Қазыбекұлына, Жү-  
мағали Сүлейменұлына Арқалық  
қаласы әкімінің мадақтамасы мен  
«Шертер» ансамблінің 45жылдық  
мерейтойлық медалі салтанатты  
түрде табысталды.

Өзбекәлі ЖӘНІБЕКОВ «Шер-

тердің» негізін қалаған болса, Бо-  
лат САРЫБАЕВ ағамыз ансамбль-  
ге жетекшілік етіп, аспаптарға  
ән жазып, өнерді зерттеуге үлес  
қосты. Ал, Қайыржан МАҚАНОВ  
«Шертердің» өзіндік келбетін қа-  
лыптастырып, имиджін жасаушы,  
көркемдік жетекшісі. Осылай де-  
ген шара жүргізушілері Қайыржан  
МАҚАНОВ ағамызға сөз беріп, өстен  
кетпес естеліктер айтылды.

Шара барысында ансамбль-  
дің белді мүшесі болған Әбжан  
Сәрсенбайұлы өз шәкірттерімен  
сахнада қара домбыраны «сөй-  
летіп» жияылғандарды бір серпіл-  
тіп тастаса, топтың мың бұралған  
бишісі Тойған Оспанқызы апамы-  
здың ізін қуған Аружан ҚАБЛАН-  
БЕК те өнерімен көрерменді тәнті  
етті. Ансамбльдің басқа да мүше-  
лері Мапруза Кадешқызы, Венера  
Нарисовна, Отарқұл Оразбайқызы,  
Базарқұл Көменбаевалар, «Шер-  
тердің» құрамында кейінірек  
болған басқа да әнші - бишілер  
өнер көрсетті.

Осылайша жарты ғасырға  
жуық уақыт бұрын құрылып:  
шертер, жетіген, сырнай, шаңқо-  
быз, асатаяқ, қамыс сырнай сынды  
қазақтың көне халықтық - музикалық  
аспаптарын елімізде ғана  
емес алыс - жақын шетелдерге  
танытқан «Шертер» фольклор-  
лық этнографиялық ансамблі - ел  
жадында мәңгі сақталатыны тағы  
бір мәрте паш етілді.